

С.К. Абильдина<sup>1</sup>, Г.Н. Жолтаева<sup>2</sup>, Г.С. Майлыбаева<sup>3\*</sup>,  
Ж.Р. Жексембаева<sup>4</sup>, Ә.А. Исатаева<sup>5</sup>

<sup>1</sup> *Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан;*  
<sup>2, 3, 4, 5</sup> *І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан*  
(\*Хат-хабарға арналған автор E-mail: gulmirasabyr@mail.ru)

<sup>1</sup>ORCID 0000-0002-8324-8444

<sup>2</sup>ORCID 0000-0002-8841-1650

<sup>3</sup>ORCID 0000-0003-0420-4142

<sup>4</sup>ORCID 0000-0001-5473-7604

<sup>5</sup>ORCID 0009-0002-4313-2516

## Мектепке дейінгі ұйым педагогтерін инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге даярлау мәселелері

Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім беруді сәтті жүзеге асырудың негізгі факторларының бірі — педагогтердің жаңа жағдайларда жұмыс істеуге даярлығы. Осы зерттеу мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының болашақ педагогтерін инклюзивті білім беруді жүзеге асыруға даярлау жағдайын зерделеуге бағытталған. Зерттеу аясында педагогтердің кәсіби құзыреттілігі, олардың инклюзия саласындағы білімдері мен дағдылары, сондай-ақ оларды тиісті әдістемелік және психологиялық қолдаудың болуы сияқты аспектілер қарастырылды. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеуде педагогтер қолданатын әдістер мен жұмыс формаларын талдауға, сондай-ақ ата-аналармен ынтымақтастыққа дайындық деңгейіне ерекше назар аударылды. Негізгі зерттеу әдістері ретінде ғылыми-тәжірибелік материалдарды, нормативтік-құқықтық құжаттарды талдау, сондай-ақ «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттермен сауалнама жүргізу қолданылды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, болашақ педагогтердің жоғары мотивациясы мен қызығушылығына қарамастан, олардың көпшілігі инклюзивті білім беру жағдайында табысты жұмыс істеу үшін қажетті арнайы білім мен дағдылардың жетіспеушілігін сезінеді. Сонымен қатар, қосымша кәсіби оқыту мен біліктілікті арттыруға деген қажеттілік анықталды. Алынған мәліметтер педагогтерді инклюзивті білім беру ортасында жұмыс істеуге даярлауды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында қолдау және сүйемелдеу жүйесін тиімдірек қалыптастыруға көмектеседі.

*Кілт сөздер:* инклюзивті білім беру, мектеп жасына дейінгі балалар, ерекше білім беру қажеттіліктері, педагогтер, мектепке дейінгі білім беру ұйымдары, педагогтерді даярлау, оқыту әдістері, жұмыс формалары.

### Кіріспе

Инклюзивті білім беру — қазіргі мектепке дейінгі білім беру жүйесінің өзекті мәселелерінің бірі. Психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестердің деректері бойынша, Қазақстанда мектеп жасына дейінгі ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ЕБК) 47 мыңнан астам бала бар, олардың ішінде 9709 бала арнайы балабақшалар мен мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы топтарына, ал 16305 бала жалпы білім беретін мектепке дейінгі ұйым топтарына барады [1].

Инклюзивті білім берудің мақсаты — әр баланың даму ерекшеліктеріне қарамастан, сапалы білім алып, құрдастарымен бірге дамуына жағдай жасау. Инклюзивті білім беруді сәтті жүзеге асырудың негізгі факторларының бірі — ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБК) бар балалармен тиімді жұмыс істей алатын педагогтерді даярлау. ЕБК бар балалармен табысты жұмыс істеу үшін педагогтің бірқатар арнайы білімдері, қабілеттері мен дағдылары болуы қажет. Оларға мыналар жатады: әртүрлі даму бұзылыстары бар балалардың ерекшеліктерін және оқыту әдістерін білу; әр баланың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту әдістері мен жұмыс түрлерін қолдана білу; ата-аналармен және психолог, логопед, дефектолог сияқты мамандармен өзара әрекеттесе алу; барлық балалардың дамуына ықпал етіп қолдау көрсететін инклюзивті білім беру ортасын құру дағдылары.

Қазіргі кезеңде Республиканың мемлекеттік білім беру саясаты әрбір бала үшін өмірлік сәтті бастама ретінде сапалы мектепке дейінгі білім мен тәрбиеге тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған. Алайда, педагогикалық тәжірибені талдау көрсеткендей, инклюзивті ортада ерекше

білім беру қажеттіліктері бар балаларға толыққанды психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету үшін мектепке дейінгі ұйымдарда педагог-ассистенттер мен инклюзивті білім беруді ұйымдастыру және жүзеге асыруда құзыретті педагогтер жеткіліксіз. Сонымен қатар, қазіргі уақытта жұмыс істеп жүрген педагогтер айтарлықтай қиындықтарға тап болуда. Сондықтан мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогтерін инклюзивті білім беру мәселелері бойынша теориялық және практикалық тұрғыда алдын-ала даярлау қажеттілігі туындап отыр.

Ғылыми-практикалық зерттеулерді, халықаралық конференциялар материалдарын, нормативтік және әдістемелік құжаттарды зерделеу инклюзивті білім беру жағдайында мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің жұмысқа дайындығын қалыптастырудың ұйымдастырушылық-әдістемелік тәсілдері мен педагогикалық технологияларының жеткіліксіз әзірленгенін көрсетеді. Демек, бұл мәселенің өзектілігі инклюзивті білім беруді жүзеге асыру үшін қажетті белгілі бір кәсіби және жеке қасиеттерге ие педагогтерді даярлауға қоғамның әлеуметтік тапсырысымен анықталады. Аталған мәселені шешу еңбек нарығының сұраныстарына сәйкес инклюзивті білім беруді жүзеге асыру бойынша кәсіби іс-әрекетті орындауға қабілетті болашақ педагогтерді даярлау процесін жетілдірумен байланысты. Яғни, жоғары оқу орындары мен колледждердің білім беру бағдарламаларында білім алушыларға ЕБҚ балалармен жұмыс істеу үшін қажетті білім мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған инклюзия мәселелеріне ерекше назар аудару қажет.

Бұл зерттеудің мақсаты мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының болашақ педагогтерінің инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге дайындығы жағдайын анықтау, бар қиындықтарды талдау және оларды жеңудің мүмкін жолдарын іздеу. Сондықтан осы мақала мектепке дейінгі білім берудің болашақ педагогтерін инклюзия жағдайында жұмысқа даярлау мәселесін зерделеуге және талдауға, мектеп жасына дейінгі ЕБҚ балаларға сапалы білім беріп, тиімді әлеуметтендіруді қамтамасыз ету үшін болашақ педагогтерді даярлау технологиясын әзірлеу үшін алғышарттарды айқындауға арналған.

#### *Материалдар мен әдістер*

Мектепке дейінгі білім берудің болашақ педагогтерін инклюзивті оқыту жағдайында жұмыс істеуге даярлау жағдайын анықтау үшін нормативтік-құқықтық құжаттар, осы мәселе бойынша ғылыми-практикалық зерттеулер зерделенді және Қазақстан Республикасының кейбір жоғары оқу орындарының «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасы бойынша студенттер, магистранттар, докторанттар арасында сауалнама жүргізілді.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында инклюзивті білім беру ұғымы (1-баптың 21-4-тармақшасы) «ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс» ретінде анықталған [2]. «Қазақстан Республикасының Білім туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен білім алуға... мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтарын», «мүгедек баланың толыққанды өмір сүру құқығы: 2. Мүгедек бала өзінің физикалық, ақыл-ой қабілеттері мен тілектеріне сәйкес білім алуға, қызмет түрі мен кәсібін таңдауды» қамтамасыз ететін құқықтық негіздер Қазақстан Республикасының «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңы және Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңымен регламенттелген [3], [4]. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін білім алуға тең жағдайлар мен кедергісіз қолжетімділікті қамтамасыз ету қажеттілігі, сондай-ақ «даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен және ерте түзетумен қамту» «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында» белгіленген [1].

Теориялық және ғылыми-практикалық материалдарды зерделеу көптеген шетелдік зерттеушілер инклюзивті білім берудің тиімділігіне ЕБҚ балаларды педагогикалық қолдау мен сүйемелдеудің әртүрлі тәсілдерін қолдану арқылы қол жеткізілетінін атап айтатынын көрсетеді [5]. Инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда қолдаудың түрлі тәсілдері мен әртүрлі стратегиялардың қажеттілігі туралы идеяны дамыта отырып, американдық зерттеушілер V. Volonino, N. Zigmond инклюзияның сәттілігі ЕБҚ балаларды оқытатын және тәрбиелейтін арнайы дайындалған педагогтің және қажет болған жағдайда осы балаларды сүйемелдейтін ассистенттің жұмысы арқылы қамтамасыз етіледі деп санайды [5]. L.V. Zdanevych, D. Vural зерттеулерінде мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтерінің бакалавриатта оқу кезінде қалыптастырылатын инклюзивті білім беру саласындағы практикалық

дайындық деңгейі, кәсіби құзыреттіліктері жеткіліксіз, сондықтан инклюзивті мекемелерде жұмыс істеу үшін педагогтерді даярлау бағыттарын анықтау қажеттілігіне тоқталады [6], [7].

Ресей зерттеушілерінің (С.В. Алехина, Т.Ю. Четверикова, И.М. Яковлева және т.б.) [8], [9], [10], Беларусь ғалымдарының (Т.И. Мороз, Т.П. Евдокимова) [11], [12] пікірлері бойынша инклюзивті білім беруді енгізу мен дамытудың маңызды шарты ЕБҚ балалармен тиімді жұмыс істеуге қабілетті және дайын, құзыретті педагогтерді даярлау. Соңғы жылдары педагогтерді инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге даярлауға (О.С. Кузьмина [13]), болашақ педагогтерді инклюзивті білім беруде қоршаған ортаның психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайындауға (Т.Б. Беляева [14]), педагогтердің біліктілікті арттыру жүйесінде инклюзивті білім беруге дайындығын қалыптастыруға (И.В. Возняк [15]) арналған зерттеулер пайда болды.

Қазақстанда инклюзивті білім беруді енгізу және педагогтің балаларға инклюзивті білім беруге кәсіби дайындығын қалыптастыру мәселелерімен ғалымдар Р.А. Сүлейменова, З.А. Мовкебаева, А.Т. Исакова, Г.З. Закаева, А.Б. Айтбаева, А.А. Байтұрсынова [16], [17], [18] және т.б. айналысады.

Ғалымдар М.А. Одинцова, Е.И. Кузьмина, Л.А. Александрова және В.М. Лазарева зерттеулерінде ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғаларды оқыту мен дамытудың әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасаудың ұйымдастырылған қызметі, білім беру жүйесіндегі психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету процесі өте күрделі әрі маңызды процесс екендігі туралы тұжырымдалған [19].

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру және осы жүйеде жұмыс істейтін педагогтер мен психологтарды арнайы даярлау әлі де тиісті деңгейде дамытуды қажет ететіндігі туралы Г.Е. Берикханова, Н.К. Султанова, А. Уразбаева еңбектерінде көрініс тапқан [20].

Зерттеулерді талдау шетелдік және отандық ғалымдар педагогтерді инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге арнайы дайындаудың маңыздылығын мойындайтынын көрсетті.

Мектепке дейінгі білім берудің болашақ педагогтердің инклюзия жағдайында жұмыс істеуге даярлаудың жағдайын зерделеу үшін Қазақстанның кейбір жоғары оқу орындарының «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасы бойынша студенттерімен, магистранттарымен, докторанттарымен анонимді сауалнама жүргізілді. Сауалнама барысында келесі міндеттер қойылды:

- инклюзивті білім беруді жүзеге асыруға дайындық жағдайын анықтау;
- инклюзивті білім беруді жүзеге асыру кезіндегі болжамды проблемалар мен қиындықтарды, балаларды инклюзивті оқыту мен тәрбиелеу кезінде талап етілетін көмек түрлерін айқындау;
- инклюзивті білім беруді сәтті жүзеге асыру үшін педагогтердің құзыреттілігін арттыру түрлерін айқындау.


Сауалнама жүргізу мерзімі: 2025 жылғы қаңтар-ақпан айлары. Сауалнамаға Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Alikhan Bokeikhan University студенттері, магистранттары, барлығы 168 адам, оның ішінде 103 студент, 52 магистрант және Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 13 докторанты қатысты (1-кесте).

1 - кесте

**Респонденттердің сандық құрамы**

Барлығы	Студенттер	Магистранттар	Докторанттар
168	103 (61,3 %)	52 (31 %)	13 (7,7 %)

Респонденттерді іріктеу олардың мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен білім беру процесіне тікелей қатысуы бар қағидаты бойынша өтті. Сауалнамаға 1 жылдан 30 жылға дейін педагогикалық еңбек өтілі бар педагогтер де қатысты. Еңбек өтілі бар респонденттердің пайыздық саны 1-суретте көрсетілген.



1-сурет. Сауалнамаға қатысушылардың педагогикалық еңбек өтілі

Біз сауалнаманың негізгі нәтижесі «6В(7М)01201 — Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» бағдарламалары бойынша мектепке дейінгі ұйым педагогтерін даярлаудың бүгінгі мазмұны инклюзивті білім беруді жүзеге асыруға педагогтерді даярлаудың қажетті дәрежесіне қаншалықты ықпал ететінін объективті статистикалық бағалау болуы тиіс деген болжамға сүйендік.

Зерттеу мақсаттарына сәйкес біз 3 (үш) блоктан тұратын сауалнама әзірледік: сұрақтардың 1-інші блогы респонденттер мектепке дейінгі ұйымда инклюзивті білім беруді жүзеге асыруға дайындық дәрежесін өздерінің бағалауын анықтауға; 2-інші — инклюзивті білім беруді жүзеге асыру бойынша білім мен дағдыларын анықтауға және 3-інші блогы — білім алушыларды даярлау жолдары мен тәсілдерін анықтауға бағытталған сұрақтар (2-кесте).

2 - кесте

## Сауалнама сұрақтары


№	Сұрақтар
<b>1-ші блок: Инклюзивті білім беруді жүзеге асыруға дайындық дәрежесін өздері бағалауын анықтауға бағытталған сұрақтар</b>	
1	Сіз инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге дайынсыз ба?
2	Инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеу кезінде Сізге көмек қажет бола ма?
3	Инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге әдістемелік дайындығыңызды қалай бағалайсыз?
4	Инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуде Сізге қандай қиындықтар мен проблемалар көп кедергі болуы мүмкін?
5	ЕБҚ балалармен жұмыс істеуде Сізге қандай қиындықтар жиі кездесуі мүмкін? Белгілеңіз.
<b>2-ші блок: Инклюзивті білім беруді іске асыру бойынша білім мен дағдыларын анықтауға бағытталған сұрақтар</b>	
1	ЕБҚ балалармен кері байланыс және олардың элементар түсініктерінің қалыптасуын бақылау қалай жүзеге асырылады?
2	ЕБҚ балалардың ата-аналарымен кері байланыс қалай жүзеге асырылады?
3	Қазіргі уақытта инклюзивті білім беру процесінде педагог жұмыстың қандай әдістері мен формаларын пайдалану керек?
4	Іс-тәжірибеден өту барысында мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен инклюзивті білім беруді жүзеге асыру үшін Сізге қандай көмек қажет болуы мүмкін? Белгілеңіз.
5	Инклюзивті білім беру мәселелері бойынша арнайы білім алу қажеттілігін сезінесіз бе?

№	Сұрақтар
<b>3-ші блок: Инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге даярлау жолдары мен тәсілдерін анықтауға бағытталған сұрақтар</b>	
1	Бұрын инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеу үшін біліктілікті арттыру немесе қайта даярлау курстарынан өттіңіз бе?
2	Сізге біліктілікті арттырудың қандай түрі қолайлы?

Соңында мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтерін инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге даярлау бойынша респонденттердің пікірлері мен ұсынымдарын анықтауға арналған сұрақ қойылды.


#### *Нәтижелер мен талқылау*

Сауалнама нәтижесінде педагогтердің инклюзивті білім беру жағдайында кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыруға ынтасы мен санасының бағыттылығы болуы анықталды. Осы мақсатта: «Сіз инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге дайынсыз ба?» деген сұрақ қойылды. 2-суреттен көріп отырғанымыздай, бұл сұраққа респонденттердің жартысынан көбі (54 %) оң жауап берді, едәуір бөлігі (36 %) «белгілі бір дәрежеде дайынмын» деп және 10 %-ы — теріс жауап берді, бұл жалпы инклюзивті білім беруге деген оң көзқарасты, сауалнамаға қатысушылар қазіргі әлемдегі инклюзияның маңыздылығын түсініп, оны білім берудің бір формасы ретінде қабылдайтынын көрсетеді.



2-сурет. «Сіз инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге дайынсыз ба?» сұрағы бойынша жауап нәтижелері

Бірақ сонымен бірге респонденттердің 32 %-ы инклюзивті оқыту жағдайында жұмыс істеу кезінде «жиі», 61 % — «кейде, кейбір сұрақтар бойынша» көмекке мұқтаж екенін, 4 % — «жоқ» деді, 3 % — жауап беруге қиналды (3-сурет).



3-сурет. Көмек алу қажеттілігі бойынша сауалнама нәтижелері

Мақсатқа сәйкес, бұл жұмыс мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының болашақ педагогтерінің инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге кәсіби дайындығы, сондай-ақ осындай дайындықтың қалыптасуына әсер ететін жағдайлар мен факторлар сияқты интегралды көрсеткіштерді анықтауға бағытталған. Зерттеуді ұйымдастырған кезде бізді респонденттердің инклюзивті білім беруді жүзеге асыруға дайындығын өздерінің бағалауына қатысты сұрақтар қызықтырды, оларды біз жеке блокқа бөлдік.


Педагогтердің инклюзивті білім беруге дайындығын Е.Л. Агафонова, М.Н. Алексеева, С.В. Алехина екі блокты: кәсіби және психологиялық дайындықты бағалау арқылы қарастырады [6]. С.В. Алехина пайымдауы бойынша кәсіби дайындық құрылымы ақпараттық дайындықты, педагогикалық технологияларды меңгеруді, психология және түзету педагогикасының негіздерін білуді, педагогтердің сабақты модельдеуге және оқу процесінде түрлі нұсқалықтарды қолдануға дайындығын, дамуында әртүрлі бұзылулары бар балалардың жеке ерекшеліктерін білуді, кәсіби өзара әрекеттесуге және оқуға дайындықты қамтиды. Біз әдістемелік аспектілерді қарастырдық (педагогикалық технологияларды меңгеру, педагогтердің сабақты модельдеуге және оқу процесінде түрлі нұсқалықтарды қолдануға дайындығын, дамуында әртүрлі бұзылулары бар балалардың жеке ерекшеліктерін білу; кәсіби өзара әрекеттесуге және оқуға дайын болу). Инклюзия жағдайында педагогикалық іс-әрекетке психологиялық дайындық құрылымында С.В. Алехина дамуында әр түрлі бұзылулары бар балаларды эмоционалды қабылдауды, оларды сабақта оқу іс-әрекетіне қосуға дайындықты, педагогтің өз педагогикалық іс-әрекетіне қанағаттануын бөліп көрсетеді [6].

Сауалнама нәтижелерін талдау барысында болашақ педагогтердің инклюзивті білім беру жағдайында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға дайындық дәрежесін анықтау маңызды болды. Дайындық дәрежесі келесі көрсеткіштер бойынша бағаланды:

- әдістемелік дайындық;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ЕБК) балалармен өзара әрекеттесуге психологиялық дайындық.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде әдістемелік дайындық әдістемелік білім мен дағдылардың, сондай-ақ әдістемелік іс-әрекеттің барлық түрлерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жеке қасиеттердің интеграциясы ретінде қарастырылады [21], яғни инклюзивті білім беру жағдайында — педагогтердің сабақты модельдеуге және оқу процесінде түрлі нұсқалықтарды қолдануы, жеке ерекшеліктерін білу негізінде дамуында әртүрлі бұзылулары бар балалармен өзара әрекеттесуі, педагогикалық технологияларды меңгеруі және т.б.

Жүргізілген сауалнама көрсеткендей, тәжірибесі бар магистранттар мен докторанттардың бір бөлігі инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге алдын-ала дайын болғанын айтты. Олардың саны барлық респонденттердің 21 % құрады және олар бар білімдері жеткілікті деп атап өтті. Барлық сауалнамаға қатысқандардың 44 %-ы «мен инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге дайынмын, бірақ кейбір нәрселерді әлі де үйренуге тура келеді» деп көрсетсе, 23 %-ы «көп нәрсені үйренуіме тура келеді» деп жауап берді, ал 12 %-ы инклюзивті оқытуды іске асыруға әдістемелік тұрғыдан дайын еместігін атап өтті (4-сурет). Басқаша айтқанда, сауалнамаға қатысқан білім алушылардың көпшілігі (79 %) дайындықтың жеткіліксіз екенін және инклюзивті білім беруді жүзеге асыру үшін арнайы әдістемелік дайындықтың қажеттілігін айтады.



4-сурет. Әдістемелік дайындық бойынша сауалнама нәтижелері


Инклюзивті оқытуды тиімді жүзеге асырудың маңызды аспектілерінің бірі — педагогтердің психологиялық дайындығы. Сауалнама көрсеткендей, респонденттердің 5 %-ы инклюзивті білім беру жағдайында психологиялық мәселелер оларға кедергі келтіруі мүмкін деп санайды, 28 %-ы ЕБҚ балалардың ата-аналарымен жұмыс істеуде көмекке, 23 %-ы ЕБҚ балалардың мүмкіндіктерін пайдалану бойынша көмекке мұқтаж болуы мүмкін, 14 % — ЕБҚ балалардың эмоционалдық әл-ауқатына әсер ететін педагогтің психологиялық денсаулығы саласындағы біліктілігін арттыру қажеттігін айтады; 13 %-инклюзивті білім беруді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кезінде көмек қажет болатынын атап өтті; 54 % — ЕБҚ балалармен қарым-қатынас жасаудағы қиындықтарын; 27 % — тұлғаға бағдарланған және саралап оқыту тәсілдерін жүзеге асыру кезінде; 14 % психологиялық көмек қажет болатынын нақты көрсетті (5-сурет). Осылайша, сауалнама көрсеткендей, сауалнамаға қатысқан білім алушылардың барлығы дерлік психологиялық білімнің қандай да бір түрін қажет етеді.



5-сурет. Психологиялық дайындықты бағалау бойынша сауалнама нәтижелері

Сондықтан, осы блоктың келесі сұрағы респонденттерден инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеу кезінде туындауы мүмкін проблемалар мен қиындықтарды анықтауға бағытталған. Инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеу кезінде кедергі келтіруі мүмкін негізгі мәселелер мен қиындықтардың ішінде респонденттердің 30 %-ы инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс

дағдыларының немесе тәжірибесінің жоқтығын; 27 % — мектепке дейінгі білім беру мекемесінің әдістемелік немесе техникалық мүмкіндіктерінің жеткіліксіздігін; 13 % — инклюзивті білім беру жағдайында жұмысты ұйымдастырудағы қиындықтарды көрсетті; 8 % — практикалық сабақтарды ұйымдастырудағы қиындықтар; 4 % — техникалық мәселелер; 5 % — психологиялық мәселелер; 14 % ештеңе кедергі келтірмейді деді (6-сурет).



6-сурет. Инклюзивті білім берудегі мәселелер мен қиындықтарды анықтау бойынша сауалнама нәтижелері

Инклюзивті білім беру жағдайында тиімді жұмыс істеу үшін болашақ педагогтерге ЕБҚ балалардың психофизиологиялық дамуының ерекшеліктерін, сондай-ақ оларды оқыту мен тәрбиелеу процесінде туындайтын типтік қиындықтарды білу қажет. Зерттеу барысында сауалнамаға қатысқан студент, магистрант, докторанттардың бір бөлігінде инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеу дағдылары немесе тәжірибесі бар екені анықталды. Соған қарамастан респонденттердің 54 %-ы ЕБҚ балалармен қарым-қатынас жасаудағы қиындықтарды; 38 %-ы әдістемелік сипаттағы қиындықтарды; 27 %-ы ЕБҚ балалардың тапсырмаларды орындауындағы қиындықтар; 5 %-ы психологиялық мәселелерді көрсетті, ал 24 %-ы іс жүзінде елеулі қиындықтарға тап болмауы мүмкін деді; 4 %-ы жауап беруге қиналды (7-сурет).



7-сурет. ЕБҚ балалармен жұмыс істеу кезіндегі қиындықтарды анықтау бойынша сауалнама нәтижелері

Сауалнаманың екінші блогына біз инклюзивті білім беруді жүзеге асыру бойынша респонденттердің білімі мен дағдыларын анықтауға бағытталған сұрақтарды енгіздік.

Іс-тәжірибеде барысында инклюзивті оқытуды жүргізу үшін білім алушыларға қажет көмек түрлерін анықтау үшін сауалнамада «Іс-тәжірибеден өту кезінде балабақшада инклюзивті білім беруді іске асыру үшін қандай көмек қажет болуы мүмкін?» сұраққа жауап беру және білім беру ұйымында инклюзивті оқытуды жүзеге асыру үшін оларға ең алдымен қандай көмек қажет екенін көрсету ұсынылды. Педагогтерге қажет көмек түрлері 8-суретте көрсетілген. Салыстырмалы түрде көпшілігі: 29 %-ы «әдістемелік көмек қажет», 28 %-ы «ЕБҚ балалардың ата-аналарымен жұмыс жасауда көмек қажет» және 23 %-ы «ЕБҚ балалардың мүмкіндіктерін пайдалану бойынша көмек қажет» деп белгілеген; қалған көмек түрлері шамамен біркелкі бөлінген: 9 %-ы 18 % аралығында (8-сурет).




8-сурет. Қажетті көмек түрлерін анықтау бойынша сауалнама нәтижелері

Кері байланыс орнату — балаларды тиімді оқыту мен тәрбиелеудің ажырамас бөлігі екені белгілі. Ал ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу кезінде кері байланыс негізгі рөл атқарады және балаларды түсінуді жақсартуға, олардың мінез-құлқын реттеуге және мотивациясын сақтауға көмектеседі. Өз жұмысында осындай санаттағы балалармен кері байланысты орнату бойынша болашақ педагогтердің білімі мен дағдыларын анықтау мақсатында: «ЕБҚ балалармен кері байланыс жасау және олардың оқуы мен тәрбиесін бақылау қалай жүзеге асырылады?» деген сұрақ қойылды. Жауаптар арасында жиі кездескендер: «әртүрлі әдістер», «арнайы әдістер», «вербалды және вербалды емес кері байланыс», «жеке», «бақылау», «әңгімелесу, баламен сөйлесу», «практикалық әрекеттер», «тұрақты бақылау», «ЕБҚ балаларға қызықты тапсырмаларын беру», «мониторинг жүргізіледі», «жеке сабақтар арқылы», «ойындар көмегімен», «арнайы тесттер мен сауалнамалар», «диагностикалық тапсырмалар», «арнайы бағдарламаларды іздеу», «диагностикалық тестілеу», «көп жұмыс істеу керек», «балалардың қабілеттері мен олардың жетістіктерін бағалау үшін психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізу керек», «бақылау күн сайын жүзеге асырылады және баланың даму карталарында белгіленеді», «бақылау, жауап, сөйлесу, балалардың іс-әрекеттері бойынша», «эмоциялар арқылы», «қиын», «арнайы білімді қажет етеді», «білмеймін», «тәжірибе жоқ», «жауап беру қиын» және т.б.

Жауаптарды талдау сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі үшін ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен кері байланыс орнату жолдары жеткілікті анық емес екенін көрсетеді, жауаптары балалардың дамуын бақылау әдістерін қамтуға көбірек бағытталған.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарымен кері байланыс орнату балалардың табысты дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасауда үлкен маңызға ие және инклюзивті білім беру жағдайында мұғалімдер жұмысының маңызды құрамдас бөлігі болып табылатыны анық. Осыған байланысты бізге инклюзия жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарымен кері байланысты жүзеге асыру бойынша білім алушылардың білімін анықтау маңызды болды.

Сауалнама нәтижелері бойынша сауалнамаға қатысқандардың 59 %-ы диалог форматындағы кеңестерді атап өтті; 26 %-ы топтық, оның ішінде электрондық поштаны, әлеуметтік желілерді, мессенджерлерді және т. б. пайдалана отырып кеңес беру; 13 %-ы вебинарлар өткізу; 0,5 %-ы жеке; 0,5 %-ы әртүрлі форматта өткізуге болады; 1 %-ы жауап беруге қиналды (9-сурет).



9-сурет. ЕБҚ балалардың ата-аналарымен кері байланысты орнату бойынша сауалнама нәтижелері


Инклюзивті білім беруді сәтті жүзеге асырудың шешуші факторларының бірі педагогтердің жұмыстың әртүрлі әдістері мен нысандарын пайдаланудағы құзыреттілігі. Бұл аспектілер әр бала дамып, жетістікке жете алатын тиімді, инклюзивті білім беру ортасын құруға көмектеседі. Инклюзивті білім беруде қолданылатын жұмыс әдістері мен формаларын анықтау және оны талдау болашақ педагогтердің жұмыс тиімділігін түсінуге және оларды даярлау процесіне қажетті түзетулер енгізуге көмектеседі.

Сауалнама барысында білім алушылар көрсеткен инклюзивті білім беру үдерісіндегі жұмыс әдістері мен формалары 10-суретте берілген.



10-сурет. Инклюзивті білім беру процесінде қолданылатын жұмыс әдістері мен формаларын анықтау бойынша сауалнама нәтижелері

Келесі қойылған сұрақ: «Сіз инклюзивті білім беру мәселелері бойынша арнайы білім алу қажеттілігін сезінесіз бе?». Жауаптар нәтижелері 11-суретте көрсетілген.




11-сурет. Инклюзивті оқыту мәселелері бойынша арнайы білім алуға мұқтаж респонденттердің саны

Диаграммдан көріп отырғанымыздай, сауалнамаға қатысқан респонденттердің 71%-ы инклюзивті оқыту мәселелері бойынша оларға міндетті түрде арнайы білім алу керек деп санайды, бірінші орынға олар жоо-да осындай даярлықтың қажеттілігін шығарды, яғни 43,0 %, екінші орында біліктілікті арттыру курстарының жеткіліктілігін көрсетеді — 28,0 %, тек 2 %-ы өздеріне қосымша білімнің қажеті жоқ екенін айтады және 16 %-ы жауап беруге қиналды. Алынған нәтижелерді талдау респонденттердің басым көпшілігі инклюзивті білім беру мәселелері бойынша арнайы білім алуды міндетті деп санайтынын айтуға мүмкіндік береді.

Осыдан болашақ педагогтерді инклюзивті білім берудің теориялық-әдіснамалық, нормативтік-құқықтық, практикалық аспектілерімен таныстыру, бірлескен оқытуды және коммуникацияны ұйымдастырудың педагогикалық технологияларымен таныстыру, оқу процесін құрудың интерактивті технологияларын, бейімделген бағдарламаларды жобалау әдістемелерін оқыту, инклюзивті оқытудың психологиялық аспектілерін қарастыру, кері байланыс орнату, ЕБҚ балалармен қарым-қатынас орнату әдістерін үйрету қажеттілігін көреміз.

Бұдан әрі инклюзивті білім берудің теориялық және практикалық аспектілері бойынша біліктілікті арттыру және/немесе қайта даярлау контексінде білім алушылардың қосымша оқуға қажеттілігі зерделенді (12, 13-суреттер).

Сауалнамаға қатысқан респонденттердің 29 %-ы ЕБҚ балалармен жұмысты ұйымдастыру мәселелерін бойынша біліктілікті арттыру немесе қайта даярлау курстарынан өткен, алайда сауалнамаға қатысушылардың 16 %-ы мұндай курстардың формальды түрде өткендігін және қажетті дағдылар алмағанын, ал 55 %-ы курстардан өтпегенін (оның 17 %-ы оларда инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жасау дағдылары немесе өзіндік тәжірибесі бар болғандықтан өтпеген, 38 %-ы курстардан мүлде өтпеген) атап өтті, сондықтан инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеу дағдыларын алдын ала алмаған (12-сурет).



12-сурет. Біліктілікті арттыру курстарынан өту туралы мәліметтер

«Сіз үшін құзыреттілікті арттырудың қай түрі қолайлы?» сауалнамаға қатысушылардың 51 % -ы жоо-да арнайы даярлау (арнайы пәндер оқу); 44 %-ы практикаға бағытталған семинарлар; 12 %-ы дөңгелек үстелдер; 16 %-ы шеберлік сыныптары; 14 %-ы біліктілікті арттырудың қысқа мерзімді курстары (2-3 күн); 20 %-ы біліктілікті арттырудың 2 апталық курстары; 22 %-ы балалармен жұмыс істеу кезінде қиындықтар туғызған тәжірибедегі жағдайларды талқылау арқылы кәсіби құзыреттілікті арттыруға бағытталған жұмыс түрі; 27 %-ы мамандардың жеке кеңестері; 12 %-ы педагогтерді оқыту бойынша тұрақты жұмыс істейтін сайт деп көрсетті (13-сурет).



13-сурет. Инклюзивті білім беру саласындағы құзыреттілікті арттыру қажеттілігін анықтау бойынша сауалнама нәтижелері

Жоғарыда келтірілген мәліметтерден көрініп тұрғандай, сауалнамаға қатысқан респонденттердің жартысынан көбі (51 %) инклюзивті білім беру саласындағы құзыреттілікті қалыптастырудың және арттырудың негізгі түрі ретінде жоо-да арнайы даярлауды атап өтеді. Сонымен, инклюзивті оқыту мәселелері бойынша болашақ педагогтердің кәсіби даярлығын жетілдіру әлі де өзекті болып отыр. Егер бұл міндет шешілмесе, инклюзивті білім берудің тиімділігі мен сапасының төмендеуі қаупі бар.

Білім беру жүйесінің болашақ мамандарының (студенттер, магистранттар, докторанттар) инклюзивті білім беру жағдайында жұмысқа дайындығын бағалаудың маңызы зор. Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі инклюзивті білім беру саясатын түсінеді және инклюзивті білім беру форматын қабылдауға өздерін дайын деп санайды. Сондықтан сауалнаманың нәтижелері олар негізінен осындай білім беру процесі үшін дайындық қажеттілігіне бағдарланған және инклюзивті білім беру жағдайында педагогикалық іс-әрекетті іске асыру үшін оқуға дайын деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

